

БӨЛІМ: БАЯНДАМАЛАР

Оқушылардың өзара қарым -қатынастағы проблемаларын шешуге үйрету

ЖАРИЯЛАНДЫ
29.01.2019СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/52421/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Елбасының «Қазақстан жолы — 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты биылғы Жолдауы еліміздің 2050 жылға дейінгі даму стратегиясын айқындап берді. Ең бастысы — еліміздің рухын көтеретін, ұлы мақсаттарға жеткізетін «Мәңгілік ел» ұлттық идеясы жарияланды. «Мәңгілік ел» идеясы — елімізді өз мақсатына талай сыннан сүріндірмей жеткізетін тұғырлы идея. Осының барлығы дамыған 30 елдің қатарына кіруімізге жаңа серпін беретіні сөзсіз. «Қазақстан-2050» Стратегиясы – барлық саланы қамтитын және үздіксіз өсуді қамтамасыз ететін жаңғыру жолы. Ол – елдігіміз бен бірлігіміз, ерлігіміз бен еңбегіміз сыналатын, сынала жүріп шыңдалатын үлкен емтихан.

Білім — барлық уақытта жоғары құндылықтардың бірі болған. Тек білімді, сауатты адам ғана келешек тізгінін қолына ала алады. Осыны ескере отырып Елбасы Н. Назарбаев өз Жолдауында Қазақстан Республикасының Білім беру жүйесін әрі қарай дамыту, жетілдіру жоспарын құрып, көптеген мақсаттарда көздеп отыр. Олар: инженерлік білім беруді және заманауи техникалық мамандықтар жүйесін дамыту, оқыту әдістемелерін жаңғырту, елімізге қажетті технологиялар трансферті мен оларды қолдану үшін мамандарды оқыту.

Оқушы –қоғамның болашағы, сондықтанда, өз жаратылысын, қабілеті мен мүмкіндіктерін тек мектеп қабырғасында басқалармен қарым-қатынас үстінде дамытады. Жасөспірімдердің басты белгісі оның мінез-құлқы, басқа оқушыларға, табиғатқа қатынасы, оның қажеті мен қанағаттандыру тәсілдері-биологиялық жолмен қалыптаспайды, оқушының болымысы, білім алуы, өзіндей оқушылармен қатынасқа түсу арқылы қалыптасады.

Мағжан баланың отбасындағы қатынасқа түсетін адамдардан, олардың мінез-құлқынан үлгі алатындығын және бала үшін бұл әсердің өте маңыздылығын көрсетеді.

Сондықтан, баланың айналасындағы адамдардың мінез-құлқының дұрыс, жағымды болуына айрықша маңыз береді; баланың ізгі-құлықты болуы үшін оның маңайындағы оқушылар, ата-ана, туған-туысқандары өздері ізгі-құлықты болуға тиісті «Ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі»-деген. Оның бір пікірі орыстың үлкен педагогы П.П.Блонскийдің ата-ананы тәрбиелемей тұрып, баланы тәрбиелеу қиын деген пікірімен қабысады. Бұл арада Мағыжан оқытушы мен оқушы, тәрбиеші арасындағы қатынастың адамгершілік мәнін айрықша бағалайды. Бұл қатынастан бала өміріне қажетті біраз рухани азық алады, тәрбиешінің мінез-құлқының біршама жақтары бала бойында өмірі қалады.

Оқушылардың өзара қарым-қатынастарын және қоршаған дүниені танып білуді, психологиялық мәселелерді қарастыра келе Н.Мудрик былай деп тұжырымдайды; егер адам жас кезінде талдау және өзін-өзі талдау сияқты дағдыларын игермесе, онда оның кейін игеріле қоюы қиынырақ. Кейін ол дүниені және өзін-өзі тануға кеш бағдарланады. Онда дүниенің бейнесіде, өзінің тұлғалы және өзінің дүниемен қарым-қатынасы жөніндегі түсінігіде қалыптаспайды.

Қоғамда әр бір адам өзін-өзі шынайы бағалауы қоғамдық мәні ерекше міндет болып табылады. Себебі өзін-өзі дұрыс бағаламау салдарынан тек жеке адам ғана емес, оның қоршаған ортасындағы басқа адамдар да зардап шегеді. Бұл жөнінде «өзінің мүмкіндіктерін жеткілікті дұрыс бағаламаған оқушы қиын жақтарға жетумен, кедергіні белсенді жеңумен байланысты қуаныштан айырылады, бере алатын мүмкіндігін қоғамға бере алмайды»-дейді Н.Мудрик.

Жасөспірімдер арасындағы өзара қарым-қатынас жасау, оларға тән табиғи қасиет. Тілдесу арқылы, өзара ойын жеткізеді, бір-бірімен пікір алысады. Өмір тәжірибесі, іс-әрекеті ой-пайымдары дамиды. Өзара қарым-қатынас жасау арқылы бір-бірін түсініп, мінез-құлқындағы ұнамды қасиеттерін қалыптастырады. Кез-келген зерттеу жұмыстарын жүргізсек, нәтижесін шығару үшін оқушылардың даралық ерекшеліктері мен санасына, оларға талап қоюмен бірге қамқорлық та көрсету қажет. Жасөспірімдердің бір-бірімен тілдесіп қарым-қатынас жасауының күрделенуі мен маңызының артуы, мәселені шешіп отыру, сынып оқушыларының көпшілікпен тіл табысып, олармен қарым-қатынас орнату біліктілігіне байланысты.

Сыныптағы әлеуметтік жағдайды шешу үшін;

1. Сыныптағы орнықты моральдың психологиялық ахуалды қалыптастыру.
2. Әлеуметтік жағдайға назар аудара отырып, өзін ұжымда еркін сезініп, саналы білім және өзінің іс-әрекетіне жауапкершілік туғызу.
3. Жасөспірімдердің психологиялық этикалық ерекшеліктерін нақты білу.
4. Шығармашылықпен жұмыс істеуіне, өз білімінің көтеруіне жағдай жасау.
5. Оқушылардың өзара сенімділікпен достық, өзара қарым-қатынас жауапкершілігін арттыру. Өз біліміне, мақсатына жетуге деген сүйіспеншілігін

арттыру, қалыптастыру.

Осындай сыныпта жұмыс жасау және оқушылардың көңіл-күйін жақсарту, қоғамдық жұмыстарының жақсы жақтарының одан әрі өріс алуы, қолайлы психологиялық ахуалдың орнығуына жағдай туғызу, олардың өзара қарым-қатынастарының артуына әсер етеді. Мүмкіндігінше сынып оқушыларының мектеп кезінде көңіл күйінің сергек болуына жағдай жасап, кез келген кедергіні жеңіп шығуларын бақылап отырған жөн.

Жасөспірімдердің өзара қарым-қатынас проблемасы қазіргі заманда педагогикалық-психологиялық ғылымда алдыңғы қатарлы орындардың бірін алады. Осы проблеманы теориялық тұрғыдан зерттеу педагог-психологтарға практикада пайда болатын проблемаларды игеруге көмектеседі. Зерттеуші –педагогтар мен психологтар (Л.М. Фридман, М.Г.Тайчинов, В.М. Глазунский, Э.С. Кузнецов т.б) баланың жеке тұлғасын, оның жас ерекшеліктерін, қарым-қатынастарын зерттеу және осы мағұлматтарды оқушыларды тәрбиелеу мен оқыту процесінде, жеке тұлғаны дамыту да одан ары қолдану бағдарламаларын жетілдіруде бірқатар еңбектер жасады, бұл құнды дүниелер біздің зерттеуіміздің теориялық негізін құрайды.

Жасөспірімдердің өзара қарым-қатынастағы психологиялық проблемаларын зерттеуді топтық тұрғыдан құрдық. Оқушының өзгешелігі, оның генетикалық мәліметтері, қабілеттілігі, қызығушылығы мен бейімділіктері, оқыту және қарым-қатынас жасау тәжірбиесі ұстазға, психологқа нақты тіршілік әрекетінде бақылау кезінде ғана түсінікті болды. Оқу-тәрбие процесі кезінде табиғи жағдайда оқушылардың өзара қарым-қатынас жағдайларын анықтау үшін екі негізгі әдіс арқылы жүргізілетін жағдаяттар пайдаланылды:

1. Қарым-қатынас орнату сабақтары, жаттығулары.
2. Психологиялық тренингтер: «Тиімді қарым-қатынас орнату» атты семинар тренингтер өткізілді. Осы семинардың біз мындай әдіс-тәсілдерді қарастырдық:
3. Түрлі ахуалдарды ерекше жаттығуларға қатысу.
4. Көптеген жаңа тәжірбиелік жұмыстар жасау.
5. Отбасы, мектептегі және тұлға аралық қарым-қатынастағы көкейкесті мәселелерді тікелей және жанама шешу.
6. Қарым-қатынас түрлерін үйрену.
7. Сезімді білдіру, басқалардың сезімін қабылдау, тілек білдіру жаттығуларын орындау.
8. Оқушылардың өзара іс-ірекет жағдайларында, сезімдері мен қызығушылықтарын көрсетуді кіріктіру.

Қарым-қатынас нәтижесінің ерекшелігі әркімнің қайталанбас даралығын сақтауда субъектілердің біріккен күштерімен тұтастыққа жету болып саналады. тренингтер

оқушының әулетін ашады, өзін-өзі құрметтеуіне ықпал етеді,өзінің және өзгенің даралығын бағалауға үйретеді. Әлеуметтік ортада тіршілік етуші азамат өзінің кім екенін бйлайғы жұртқа өзін қоршаған орта мен сыртқы дүниеге деген қатынасы арқылы таныта алады.

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.